

13. Kumar C.S., Banka S., Vaishnavi J., Chandini S., Himabindu G., & Meghana G. RFID Time and Attendance System based on IoT Technology. 2023 2nd International Conference on Automation, Computing and Renewable Systems (ICACRS), (2023). 293-296.

14. Jasim N.A., Salim Alrikabi, H.T., & Farhan M.S. Internet of Things (IoT) application in the assessment of learning process. IOP Conference Series: Materials Science and Engineering, (2021). 1184.

15. Lin Y.-B., Shieh M.-Z., Shih M.-F. and Cheng C.-C. "EduTalk: An IoT Environment for Learning Computer Programming and Physics," in IEEE Internet of Things Journal, vol. 9, no. 21, pp. 21946-21957, 1 Nov.1, 2022, <https://doi.org/10.1109/IJOT.2022.3182280>

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.021>

П.Б.Сейітқазы,^{1*}  Н.Ж.Исембаева¹ 

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог-психологтарды дайындауда цифрлық этикет дағдыларын жетілдіру мәселелері қарастырылған. Білім беру кеңістігінде цифрлық қарым-қатынаста этикалық ережелерді зерделеу мәселесі, оның ішінде жоғары оқу орны білім алушылары арасында цифрлық этикет дағдыларын қалыптастыруға арналған зерттеулер көп қамтылмаған. Мақалада цифрлық этикетті жетілдіру болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыретінің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Заманауи цифрлық қоғам жағдайында педагогтардың цифрлық сауаттылығы мен цифрлық этикетті игеруінің қажеттілігі көрсетіледі. Авторлар цифрлық ортада кәсіби іс-әрекетке дайын педагог кадрларды даярлаудың өзектілігін қарастырып, білім беру үдерісіндегі цифрландырудың негізгі қарама-қайшылықтарын сипаттайды. ЖОО-ның цифрлық білім беру кеңістігінде оқытушылар мен студенттер арасындағы тиімді қарым-қатынас орнатудың рөлі айқындалып, цифрлық қарым-қатынас этикетінің маңыздылығы негізделеді.

Болашақ педагог-психологтардың цифрлық этикет түсінігіне деген қатынасын анықтау үшін авторлық сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі ұсынылған. Сауалнамаға қатысушы білім алушылардың басым бөлігі цифрлық этикетке қызығушылық танытқанымен, олардың бұл саладағы дағдылары жеткілікті түрде дамымағаны, виртуалды қарым-қатынаста цифрлық этикетті сақтамайтындығы, цифрлық кеңістікте моральдық мінез-құлықтық әрекеттерді сақтау соншалықты маңызды деп ойламайтындығы атап өтіледі. Авторлар болашақ педагог-психологтардың цифрлық этикетін жетілдіру бойынша цифрлық этикетті элективті курс ретінде немесе бір пәннің модулі ретінде кірістіруді ұсынады.

Түйін сөздер: цифрлық этикет, цифрлық кеңістік, білім беруді цифрландыру, виртуалды қарым-қатынас.

Сейітқазы П.Б., *¹  Исембаева Н.Ж.¹ 

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

ВАЖНОСТЬ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЦИФРОВОГО ЭТИКЕТА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы совершенствования навыков цифрового этикета в подготовке будущих педагогов-психологов. Отмечается, что изучение этических правил цифрового общения в образовательном пространстве, в том числе исследования, направленные на формирование навыков цифрового этикета среди студентов вузов, в настоящее время освещено недостаточно. В статье совершенствование цифрового этикета рассматривается как часть профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов.

В условиях современного цифрового общества подчеркивается необходимость освоения педагогами цифровой грамотности и цифрового этикета. Авторы рассматривают актуальность подготовки педагогических кадров к профессиональной деятельности в цифровой среде, описывая основные противоречия процесса цифровизации образования. Раскрывается роль установления эффективного взаимодействия между преподавателями и студентами в цифровом образовательном пространстве вузов, обосновывается значимость цифрового этикета в коммуникации.

Для определения отношения будущих педагогов-психологов к понятию цифрового этикета был проведен опрос, результаты которого представлены в статье. Указывается, что, несмотря на проявленный большинством студентов интерес к цифровому этикету, их навыки в этой области развиты недостаточно. Авторы предлагают включить цифровой этикет в качестве элективного курса или модуля в рамках одного из предметов для повышения уровня цифрового этикета будущих педагогов-психологов.

Ключевые слова: цифровое пространство, цифровизация образования, цифровой этикет, виртуальное общение.

Seyitkazy P., ^{1*} Issembayeva N. ¹

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF IMPROVING THE DIGITAL ETIQUETTE OF FUTURE TEACHER-PSYCHOLOGISTS

Abstract

The article addresses the issue of improving digital etiquette skills in the training of future teacher-psychologists. It highlights the study of ethical rules in digital communication within the educational space, noting that research on forming digital etiquette skills, particularly among university students, is currently not extensively covered. The article considers the improvement of digital etiquette as part of the professional competence of future teacher-psychologists.

In the context of modern digital society, the necessity for educators to acquire digital literacy and digital etiquette is emphasized. The authors explore the relevance of preparing teaching staff for professional activities in the digital environment, describing the main contradictions in the process of education digitalization. The role of establishing effective interaction between educators and students in the digital educational space of universities is highlighted, and the importance of digital etiquette in communication is substantiated.

A survey was conducted to determine the attitudes of future teacher-psychologists toward the concept of digital etiquette, and the results were presented. It was noted that while most students showed interest in digital etiquette, their skills in this area were insufficiently developed. The authors suggest integrating digital etiquette as an elective course or a module within a subject to enhance the digital etiquette of future teacher-psychologists.

Keywords: digital space, digitalization of education, digital etiquette, virtual communication.

Кіріспе. Әрбір дәуірде қоғам өзінің моральдық заңдар мен ережелер жиынтығын дамытады. Кез келген өзгеріс, мейлі ол саяси, ғылыми немесе техникалық болсын, кейбір мінез-құлық ережелерінің ескіруіне ықпал етеді және жаңа этикалық нормалардың пайда болуын ынталандырады. Қазіргі қоғамдағы цифрлық революция адамдар арасындағы байланыстардың көпшілігін цифрлық кеңістікке ауыстырды, осыған байланысты цифрлық кеңістікте моральдық мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні өзекті болып тұр.

Жалпы этикет ғасырлар бойы қалыптасса, цифрлық қарым-қатынас этикеті біздің көз алдымызда қалыптасып келеді. Цифрлық этикет - цифрлық кеңістіктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін анықтайтын жаңа этикет түрі. Жалпы этикет пен цифрлық этикетте мағыналық ұқсастық бар, сонымен қатар терминология мен мінез-құлық ережелерінің мазмұнына қатысты айырмашылықтар да бар. Цифрлық этикет ережелерін сақтау жалпы этикет нормаларын сақтау сияқты маңызды. Адамдардың бір-біріне деген құрметі тек шынайы қарым-қатынаста ғана емес, цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста да көрсетілуі керек. Мұндай мінез-құлық ережелерінің бар екендігі туралы барлық пайдаланушылар біле бермейді, алайда оларды сақтау цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас кезінде адамдық қадір-қасиетті жоғалтпауға мүмкіндік береді және виртуалды қарым-қатынасты ыңғайлы етеді.

Цифрлық этикетті бекітілген заң ережесі деп емес, қалыптасып жатқан мінез-құлық ережелері деп түсіну керек. Ол бірнеше ғылымның, оның ішінде этика, психология, ақпараттық технологияның тоғысында орналасқан жаңа бағыт болып табылады.

Қазіргі заманның цифрландыру талаптарына сай педагогтың кәсіби құзыреттілігін цифрлық сауаттылық, цифрлық құзыреттілік, цифрлық мәдениет және цифрлық этикет ұғымдары құрайды.

Цифрлық сауаттылық – бұл цифрлық технологиялар мен ғаламтор ресурстарын қауіпсіз әрі тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім мен дағдылардың жиынтығы.

Цифрлық құзыреттілік – адамның әртүрлі салада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді, сыни тұрғыда және қауіпсіз қолдана білу қабілеті.

Цифрлық мәдениет – адамның цифрлық ортада жайлы өмір сүру үшін цифрлық технологияларды пайдалану, қоғаммен өзара әрекеттесу және кәсіби қызметінде цифрлық мәселелерді шешу қабілетін көрсететін құзыреттер жиынтығы.

Цифрлық мәдениет қазіргі уақытта педагогта болуы керек негізгі құзыреттердің бірі. Цифрлық мәдениеттің элементтерінің бірі ғаламтордағы этикет ережелерін сақтау болып табылады. Цифрлық этикетті зерттеуде әр түрлі елдердің әлеуметтанушылары, педагогтары, психологтары, мәдениеттанушылары, филологтары адамның табысты дамуы үшін цифрлық этикеттің маңыздылығын жүйелі түрде талдайды.

Біріккен Араб Әмірліктерінің ғалымдары ақпараттық технологиялар туралы курстардың студенттердің цифрлық этикеті бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға қалай әсер ететінін мақсатты түрде зерттеп, цифрлық этикетті меңгеру мен қалыптастыру арасындағы байланысты анықтаған [1].

Алжир ғалымдары Souhaila Bouamor, Nacer Eddine Djaber, Muhammed Adil Facebook әлеуметтік желісін қолданушылардың цифрлық этикетті қаншалықты меңгергендігіне жүйелі түрде талдау жасаған [1].

Түрік зерттеушісі Gül Esra Atalay «цифрлық этикет басқа әлеуметтік нормалар сияқты, мәдениеттен мәдениетке, қоршаған ортаға және уақыт өте келе өзгертін динамикалық процесс, оны балалар мен жастарға бастауыш және орта білім деңгейінен бастап, медиа сауаттылық курстары арқылы үйрету керек» - дейді [2].

Цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста цифрлық этикет пен нормаларды зерттеуге Ресейлік зерттеушілер де елеулі үлес қосты.

Езова С.А. зерттеулері осы құбылыстың пайда болуын талдауға және оның әртүрлі түсіндірмелеріне [3], Окушова Г.А. зерттеулері әлеуметтік желі кеңістігіндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді талдауға [4], Сычев А.А., Вьюшкова Л.Н. интернеттегі белгілі бір қызмет түрі бойынша практикалық ұсыныстарға, мысалы, бейнебайланысты ұйымдастыру кезінде [5, 6], Косорукова А.А., Koroleva D.O. зерттеулері мессенджерлерде және әлеуметтік желілердегі [7, 8] цифрлық этикет нормаларын сақтай отырып, онлайн жұмыс істеуге дайын болуға арналған.

Сондай-ақ, цифрлық қарым-қатынастағы желілік сленг пен сөйлеу мәдениетін Гимарат Е., Глухов А.П. зерттесе [9, 10], заманауи жастардың цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынасы мәселесі Богданова И.Н., Тулупова А.С. зерттеулерінде айтылған [11].

Цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас жағдайында өзін-өзі таныстырудың тілдік айналымы, шаблондық фразалары Куприянова А.И., Сазанова Т.В., Глазунова С.Н., Синюкова М.А. жүйелі түрде зерттеген [12].

Кочкарева И.В. еңбектерінде студенттер мен оқытушылардың виртуалды кеңістікте қарым-қатынас жасағанда туындайтын негізгі қиындықтары, олардың себептері мен оларды жеңу жолдары және электрондық пошта этикетіне назар аударылады [13].

Малькова Е.Ю. виртуалды кеңістіктегі этикалық мәселелерді қарастырады. Ол цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы нәтижесінде пайда болған моральдық-этикалық сұрақтарды талдайды. Автор виртуалды қарым-қатынас пен әрекеттерді реттейтін негізгі этикалық принциптерді анықтауға тырысады. Оған виртуалды қарым-қатынастың ерекшеліктері және оның қоғамға әсері, цифрлық ортада адамгершілік ұстанымдарын қолданудың маңыздылығы, виртуалды кеңістікте этикалық нормалар мен қағидаттарды қалыптастырудың теориялық негіздері, желілік қоғамдастықтарда және онлайн қарым-қатынас кезінде этика ережелерін сақтаудың маңыздылығы кіреді [14].

Мәселенің даму дәрежесін талдауда цифрлық этикет саласындағы зерттеулер ондаған жылдар бойы жалғасып келе жатқандығы байқауға болады.

Алайда, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі бір бөлігі ретінде цифрлық этикетті жетілдіру мәселесі көп қарастырылмаған. Біздің ойымызша, цифрлық этикетті қалыптастыруға педагог кадрлар дайындайтын жоғарғы оқу орындарында жеткілікті көңіл бөлінбейді, ал болашақ педагог үшін бұл дағды белгілі бір дамытуды қажет етеді.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды IT-елге айналдыруды маңызды стратегиялық міндет ретінде атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл мақсатқа жетуде шешуші рөл адами капиталға тиесілі. Ол цифрлық процестерді тиімді басқару үшін цифрлық сауаттылық пен білім деңгейін арттыру қажеттігін ерекше атап өтті. «Біздің басты мақсатымыз – цифрлық даму мен креативті қоғамды қалыптастыру. Азаматтарымыз жаңашыл ойлау мен инновациялық идеяларды жүзеге асыруға бейімделуі керек», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, ол адами капиталдың цифрлық трансформацияда басты рөл атқара отырып, кейде оған кедергі келтіруі мүмкін екенін де атап өтті. Сондықтан, цифрлық білім мен сауаттылыққа ерекше көңіл бөлу маңызды екеніне назар аударды.

Осыған орай болашақ педагогтардың даярлығын арттыруға өзгерістер енгізу бойынша болашақ педагогтардың даярлығын арттыруға қатысты нақты шараларды атап өтті. Ол білім сапасының Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының негізі болуға тиіс екенін баса айтты. «Сапалы білім беру – біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі. Бұл тұрғыда болашақ педагогтар бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өз кәсібіне қызығушылық танытатын, кәсіби дағдылары мен цифрлық білім беру қабілеттерін меңгерген болуы қажет. Сонымен бірге, олардың кәсіби білімі мен әдістемелік дайындығы уақыт талаптарына сай болуы тиіс», – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, білім беру саласын цифрландыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Президенттің айтуынша, цифрландыру үдерісін жеделдету қажет. «Барлық білім алушыларға сапалы интерактивті оқыту контенті бар цифрлық платформалар тұрақты әрі қолжетімді болуы тиіс», – деп атап өтті Тоқаев [15].

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білім беру мен ғылым жүйесінің келесі қайта құру кезеңінен өтуі қажеттілігі айтылады. Бұл өзгерістер жүйенің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған негізгі элементтерді қамтиды.

Тұжырымдамаға сәйкес, жоғары білім беруді дамыту саясаты заңнамалық базаны нығайтуға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (ЖООЖБ) мекемелерінің автономиясын қамтамасыз етуге, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына таланттарды тартуға және білім мен құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған. Бұл үдеріс заманауи білім беру бағдарламалары мен жаһандық құзыреттерді ескере отырып, дамушы технологиялар мен болашақ экономикасына негізделеді.

Сондай-ақ, тұжырымдамада цифрлық трансформацияның маңыздылығы ерекше атап өтілген. «Кітапханалар мен олардың жүйелерін цифрландыру, ашық білім беру платформаларын (Open University, Coursera және т.б.) кеңінен пайдалану, және бизнес-процестерді цифрлық форматқа көшіру негізгі міндеттер болып табылады. Сонымен бірге, цифрлық құзыреттер білім беру және кәсіби стандарттардың ажырамас бөлігіне айналуы тиіс», – делінген құжатта [16].

Қазақстан да, өзге көптеген елдер сияқты, білім беру саласына цифрлық технологияларды қарқынды енгізуде. 2023 жылдан бастап Қазақстандық жоғары оқу орындары онлайн тестілеу жүйелерінен басқа «Coursera» ғаламдық онлайн білім беру платформасының мүмкіндіктерін пайдалана бастады.

Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі жасанды интеллект технологияларын зерттеуге арналған білім беру бағдарламаларын енгізуді көздеп отыр. Қазақстанда білім беруді цифрландыру үдерісі жаңа технологияларды енгізумен қатар, оқыту әдістемелерін жаңартуды, педагогтарды даярлауды және қолжетімді инфрақұрылымды құруды қамтиды. Бұл үдеріс барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мемлекет басшысының сөзіне қайта оралсақ, еліміздің болашағы біздің сөзсіз жаһандық цифрландыруға бейімделу қабілетімізге байланысты екенін атап өткен жөн, сондықтан бұл үдерістегі табысты айқындайтын негізгі критерий – білім беру саласын цифрландыру процесі.

Сонымен, цифрлық дәуірге сәтті бейімделу сапалы білім берудің ғана емес, сонымен қатар еліміздің өркендеуі мен жаһандық ауқымдағы бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің басты факторы болмақ.

Негізгі ережелер. Бүгінгі таңдағы ауқымды өзгерістер экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық салаларында білім беру жүйесіне өз әсерін тигізетіні сөзсіз. Білім беруді цифрландыру үрдісі Қазақстан Республикасы үкіметінің барлық дерлік жобаларында көрініс тапқан. Заманауи цифрлық қоғам және әсіресе цифрлық экономика түрлі цифрлық орталар мен оқыту технологияларына бейімделу қабілеті бар педагогтардың жаңа буынын қажет етеді. Және бұл қасиет оқытуда технологияны қолданумен емес, үнемі өзгеріп отыратын цифрлық ортадағы болашақ өзгерістерді болжау мүмкіндігімен сипатталады. Білім беруді цифрландыру оның түбегейлі, сапалы қайта құрылуына әкеледі. Білім беруді цифрландыру процесінің тиімділігі педагогтың цифрлық дағдыларының даму деңгейімен және оларды оқу процесінде тиімді қолдана білуімен байланысты. Қазіргі заманғы педагог цифрлық ақпарат ағынында еркін бағдарланып, оны тиімді пайдаланып, өңдей алуы және жаңа технологиялармен үйлестіре білуі тиіс.

Материалдар мен әдістер. Этикет – бұл белгілі бір қоғамда орынды деп саналатын мінез-құлық ережелерінің сақталуын қамтамасыз ететін ұғым. Цифрлық қоғамның дамуы шынайы және виртуалды әлемде желілік этикет, нетикет және цифрлық этикет ерекшеліктерін айқындай отырып, мінез-құлық мәдениетінің жаңа ережелерін қалыптастырады.

Цифрлық технологиялардың және ғаламдық Интернеттің дамуы «инновациялық, жеке және шығармашылық мәдениетті қалыптастыруды» анықтайтын құндылықтар мен құндылық бағдарлардың жаңа жүйесінің қалыптасуына әкелді. Сонымен қатар, инновациялық технологиялар мен коммуникация құралдарының арқасында құндылықтар парадигмасының өзгеруі қоғам дамуының негізі болған дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануын тудырады. Цифрлық қоғамның пайда болуымен жеке тұлғаның «Басқаға/Басқаларға құндылық ретіндегі қатынасы бірте-бірте өзінің семантикалық мағынасын жоғалтады, сәйкесінше әркімнің Басқаға/Басқаларға деген жеке жауапкершілігі, ең алдымен, қарым-қатынаста көрінеді. Сондықтан «цифрлық шындықтың виртуалды кеңістігінде» коммуникативті өзара әрекеттестіктің нормативтік және этикалық реттеушісі ретінде цифрлық этикеттің қажеттілігі туындайды.

Цифрлық этикет - бұл веб-жүйенің дамуы аясында пайда болатын этикеттің жаңа түрі. Соңғы онжылдықтарда ғаламдық Интернет бірнеше даму кезеңдерін бастан өткерді:

- Web 1.0, тек оқуға арналған веб-сайттарды құрумен, электронды хат алмасумен және вербалды емес коммуникацияның болмауымен сипатталады;
- Web 2.0 – әлеуметтік желілердің, желілік қауымдастықтардың, блогтардың пайда болуы және ақпаратты желіде жіберу мүмкіндігі;
- Web 3.0 – Phygital терминімен белгіленетін Интернет пен адам арасындағы қазіргі заманғы виртуалды өзара әрекеттесу кеңістігі – «физикалық және цифрлық екі шындықтың бірігуі: Physics + Digital» [17].

Цифрлық этикет Web 3.0 даму кезеңінде пайда болды, бұл кезеңде жасанды интеллект ақпаратты "түсініп," пайдаланушыларға өздерінің виртуалды ортасын құру мүмкіндігін ұсынды. Қазіргі уақытта Web 3.0 – бұл Phygital виртуалды кеңістігі, онда пайдаланушылар тек басқарумен шектелмей, өздерінің онлайн және шынайы өмірдегі мінез-құлық мен этикалық қарым-қатынасын көрсететін субъективті шындықты қалыптастыра алады. Бұл веб-технологиялардың біртіндеп адамдардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуымен тығыз байланысты.

Оксфорд университетінің цифрлық этика зертханасының директоры Лучано Флориди: «Біз барған сайын ерекше кеңістікте өмір сүріп жатырмыз: инфосферада, яғни аналогтық және

цифрлық, офлайн және онлайн», - деп атап өткендей [18], виртуалды кеңістіктегі қарым-қатынас процестері жаңа деңгейге көтерілуде, сондықтан цифрлық мәдениет қалыптасып, цифрлық этикетке деген қажеттілік артып келеді.

Цифрлық этикет ұғымын бірнеше мағынада түсіндіруге болады:

- синоним ретінде «желілік этикет» және «нетикет» терминдерін айтуға болады;
- виртуалды кеңістіктегі мінез-құлық ережелерінің жалпы жиынтығы ретінде;
- виртуалды ортадағы қарым-қатынастарды реттейтін нормативтік және этикалық көп деңгейлі жүйе ретінде;
- цифрлық және физикалық шындықтың өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас және мінез-құлық ережелері ретінде;
- онлайн кеңістікте белгіленген шеңберлер, стандарттар мен тиісті мінез-құлық ережелері түріндегі өлшем ретінде [19].

Web 1.0 және Web 2.0 кезеңдерінде желілік этикет негізінен жазбаша форматта болса, Web 3.0 виртуалды кеңістігінде цифрлық этикет қарым-қатынастың барлық түрлерін: жазбаша, ауызша және мінез-құлықтық форматтарды қамтып, коммуникативті әрекеттерді реттейтін негізгі құралға айналады.

Санкт-Петербург мемлекеттік электротехникалық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Р.И. Маминаның пікірінше, Web 3.0-ның ерекшеліктерін айқындайтын цифрлық этикет келесі бағыттарды қамтиды: желілік коммуникация (әлеуметтік желілер, мессенджерлер, электрондық пошта); пайдаланушылардың заманауи гаджеттермен (смарт-фондар, планшеттер және т.б.) өзара әрекеттесуі; цифрлық шындықтың виртуалды кеңістігінде өзін-өзі көрсетуі [20]. Бұл салаларда өзіндік ерекшеліктер мен этикалық мәселелер туындап, оларды шешу қажет. Цифрлық этикет цифрлық технологияларды енгізу және виртуалды коммуникативтік ортаны қалыптастыру арқылы тиімді коммуникацияны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы адам өмірінің барлық салаларына әсер еткен, ресурстар мен ақпараттың сипатын, білім беру жүйесін түбегейлі өзгерткен, оқу үдерісін жетілдіретін жаңа мүмкіндіктер беретін цифрлық технологиялар, электронды құралдар, жүйелер, құрылғылар жаңа перспективаларды ашады. Зерттеушілер цифрлық сауаттылықты білім беру жүйесінде игерілген және цифрлық дәуірге көшуге мүмкіндік беретін маңызды құзыреттердің бірі деп атайды.

Заманауи цифрлық қоғам және әсіресе цифрлық экономика түрлі цифрлық орталар мен оқыту технологияларына бейімделу қабілеті бар педагогтардың жаңа буынын қажет етеді. Және бұл қасиет оқытуда технологияны қолданумен емес, үнемі өзгеріп отыратын цифрлық ортадағы болашақ өзгерістерді болжау мүмкіндігімен сипатталады. Білім беруді цифрландыру оның түбегейлі, сапалы қайта құрылуына әкеледі.

Білім беруді цифрландыру процесінің тиімділігі педагогтың цифрлық дағдыларының даму деңгейімен және оларды оқу процесінде тиімді қолдана білуімен байланысты. Заманауи болашақ педагог цифрлық ақпарат ағынында еркін бағдарланып, онымен жұмыс істей алу, оны өңдеп, жаңа технологияларға интеграциялау қабілетіне ие болуы тиіс. Сондықтан, педагогтарды даярлайтын жоғары оқу орындары алдында цифрлық сауаттылықты қалыптастыру тұрғысынан педагогикалық кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды жаңғырту міндеті тұр. Болашақ педагогты цифрлық ортада кәсіби қызметке дайындау мәселесінің өзектілігі бірнеше сәйкессіздіктерден туындайды:

- білім беруді цифрландыру үдерісінде педагогтың рөлінің маңыздылығының артуы мен болашақ педагогтарды цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеуге даярлау мазмұнының жеткіліксіз дамуы арасындағы сәйкессіздік;
- педагогтардың кәсіби стандарттарына қойылатын талаптар мен қазіргі кезде болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттіліктерінің деңгейі арасындағы сәйкессіздік;
- білім беру үдерісін цифрландырудың талаптары мен болашақ педагогтардың цифрлық этикет бойынша дағдылары мен біліктерінің жеткіліксіздігі арасындағы сәйкессіздік.

Жоғары білім беру саласы цифрлық дәуірдің қарқынды дамып келе жатқан жағдайында цифрлық технологияларды қолданумен және ортаның жаңа түрін – университеттің техногендік білім беру ортасын құрумен байланысты сапалы өзгерістерге ұшырауда. Жаңа білім беру ортасының инновациялық құрамдас бөлігі «Цифрлық білім беру ортасы» Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының шеңберінде білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер беретін білім беру кеңістігі болып табылады.


ЖОО оқу процесінің барлық қатысушылары арасында тиімді қарым-қатынасты қалыптастыратын цифрлық білім беру кеңістігіне мыналар кіреді: оқу орнының интернет-порталы, студенттердің үлгерімі мен оқытушылардың ғылыми белсенділігін тіркеудің аналитикалық жүйелері, оқу процесін басқару жүйелері электрондық ақпараттық білім беру орталары (Moodle), сондай-ақ қашықтықтан білім беру жүйелері. ЖОО инновациялық жаңашылдықтар білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға және жаңартуға ықпал ететіні сөзсіз, бұл өз кезегінде университеттің заманауи талаптарға сай тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мұндай жаңартулар сұранысқа ие мамандарды, олардың цифрлық сауаттылығы мен ұтқырлығын, үздіксіз білім алу мен кәсіби мәселелерді шешу дағдыларын дамыта отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мен инновациялар университеттің ішкі және сыртқы байланыстарын өзгертуі мүмкін, бұл көптеген мәселелерді, соның ішінде коммуникативтік өзара әрекеттесуді де қозғайды.

Жоғары оқу орындары цифрлық білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялар мен ғаламтор арқылы оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуін негізге алатын инновациялық оқыту форматтарын қолданады. Осыған байланысты цифрлық қарым-қатынас этикеті мәселесі өзекті болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі цифрлық қоғамда білім алушылар ғаламторда көп уақытын өткізеді. Олар достарымен сөйлесу үшін әлеуметтік желілерді, үй тапсырмасы бойынша ақпаратты табу үшін іздеу жүйелерін және оқытушылармен кері байланыс үшін электрондық поштаны кеңінен пайдаланады. Сондықтан, цифрлық технологияны қолданудың артуымен қатар білім алушыларды цифрлық этикетке үйретудің маңыздылығы да арта түседі. Цифрлық этикет адамдар ғаламторда қарым-қатынас жасау кезінде ұстануға тиіс мінез-құлық ережелері. Бұл ережелерді ұстану адамдарға цифрлық әлемді құрметпен және кәсіпқойлықпен қолдануға көмектеседі, сонымен қатар оң және өнімді цифрлық ортаны құру үшін өте маңызды болып табылады. Сондықтан болашақ педагог-психологтардың цифрлық этикет туралы түсініктерін анықтау үшін білім алушылармен сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 32 білім алушы қатысты. 15 сұрақтан тұратын сауалнама нәтижесі, жиналған ұпай санына қарай «танымдық», «қызығушылық» және «дағды» параметрлері бойынша талданды (1-кесте, 1-сурет).

Кесте 1 - Цифрлық этикет бойынша сауалнама нәтижелері

Параметрлер	Денгейлер		
	жоғары	орташа	төмен
танымдық	87,5%	12,5%	0%
қызығушылық	56,25%	37,5%	6,25%
дағды	12,5%	18,75%	68,75%



Сурет 1 - Цифрлық этикет бойынша деңгейлер көрсеткіші

1-суретте келтірілген сауалнама нәтижелері болашақ педагог-психологтардың басым бөлігінің (32 респонденттің 28-і) цифрлық этикетті білетінін және түсінетінін көрсетті, бірақ оны өз іс-әрекеттерінде қолдану дағдысы төмен екендігін байқадық.

Сауалнама нәтижесі студенттердің қызығушылықтары болғанымен, оны қолдану дағдысының жеткілікті түрде белсендірілмегенін көрсетті. Болашақ педагог-психологтар виртуалды қарым-қатынаста цифрлық этикетті сақтамайды, цифрлық кеңістікте моральдық мінез-құлықтық әрекеттерді сақтау соншалықты маңызды деп ойламайды. Алынған эмпирикалық деректер болашақ педагог-психологтардың цифрлық этикетін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Цифрлық этикетті жетілдірудің бірнеше себептері бар. Мұның бір себебі - бұл студенттерге маңызды әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Желіде тиімді қарым-қатынас жасауды үйрену арқылы студенттер жалпы жақсы қарым-қатынас дағдыларын дамыта алады, бұл оларға жеке өмірінде де, кәсіби қызметінде де қажет. Тағы бір себебі - бұл студенттерге кибербуллинг мен онлайн қудалаудан аулақ болуға көмектеседі. Студенттердің цифрлық этикетін жетілдіру кибербуллингің алдын алуға және студенттер үшін жағымды виртуалды орта құруға көмектеседі.

Болашақ педагог-психологтардың цифрлық этикетін жетілдірудің бірнеше жолы бар, соның ішінде:

1. Жақсы цифрлық этикет үлгісі: оқытушылар білім алушылар үшін цифрлық этикет үлгісін көрсетуі керек. Бұл электрондық пошталар мен желідегі жазбаларда дұрыс емле мен грамматиканы қолдануды, қорлайтын сөздер мен кескіндерді болдырмауды және басқаларға құрметпен және кәсібилікпен қарауды білдіреді.

2. Цифрлық этикетті оқу бағдарламасына енгізу. Цифрлық этикетті элективті курс ретінде немесе бір пәннің модулі ретінде жасақтау, студенттерден онлайн режимінде құрметпен және кәсіби түрде сөйлесуді талап ететін жобаларды тағайындау.

Біздің ойымызша, цифрлық этикет дағдыларын жетілдірудің құрамдас бөлігі келесі ұғымдарды қамтиды: виртуалды қарым-қатынас, қарым-қатынастың этикалық қағидалары мен нормалары, цифрлық этикет, цифрлық этикет функциялары, мінез-құлық және сөйлеу этикеті, жазбаша этикет, этикет нормалары, виртуалды қарым-қатынастағы мінез-құлық ережелері, «іскерлік электрондық хат алмасу этикасы» және басқа да аспектілер.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, цифрлық қоғамда болашақ педагог-психологтардың цифрлық этикетін жетілдіру өте маңызды мәселелердің бірі екендігін көруге болады. Қазіргі уақытта еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының заманауи жағдайында цифрлық технологиялар кәсіби және күнделікті адам қызметінің барлық салаларында белсенді түрде қолданылады. Цифрланған қоғамда адамның өмір сүру сапасы мен кәсіби қызметінің сапасы олардан цифрлық сауаттылықты талап етеді. Еңбек нарығы, мәдениет, білім және денсаулық сақтау салалары цифрландырудың әсерінен түбегейлі өзгеруде, бұл цифрлық формадағы

ақпаратты пайдалануға негізделген жаһандық даму үрдісінің көрінісі. Цифрлық ортада ұсынылған ақпараттық ресурстар мен қызметтер мәдениет пен білім құндылықтарын жаңа технологиялық ортаға бейімделе алатын және онымен тиімді әрекеттесетін әрбір адамға қолжетімді етеді. Олай болса, цифрлық этикетті жетілдіру болашақ педагог-психологтарды жеке және кәсіби өмірінде табысқа дайындау үшін өте маңызды.

Біздің ойымызша, болашақ педагог-психологтың цифрлық этикетін жетілдіруді болашақ кәсіби қызметке дайындықтың бір бөлігі ретінде қарастыруға болады. Сондықтан, «Цифрлық этикет» модулі оқу бағдарламасына міндетті түрде енгізілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таланов С.Е. Цифровой этикет в представлениях студентов // Вестник высшей школы. -2022. -№4-С.30-43.
2. Gül Esra Atala. Sanal Dünyanın Görgü Kuralları: Netiket [Text] // Medya ve Kulturel Çalışmalar Dergisi. -2019. - Volume: I / Sayı Issue: II
3. Езова С.А. О нетикете, цифровом этикете и новой этике в учебном процессе [Текст] // Культура : теория и практика. -2021. -№ 1(40).
4. Окушова Г.А. Цифровой этикет и регламенты в коммуникативном порядке социально-сетевого пространства [Текст] // Общество : социология, психология, педагогика. -2021. -№ 1(81).
5. Сычев А.А. Этикет и этика видеоконференций [Текст] // Ведомости прикладной этики. -2021. -№57.
6. Вьюшкова Л.Н. Теоретические и практические аспекты изучения цифрового этикета [Текст] // Актуальные проблемы филологии и методики преподавания иностранных языков. -2022.-Т.16 №2. -С. 85–91.
7. Косорукова А.А. Этика мессенджеров : проблемы эпистолярного общения в контексте развития информационных технологий [Текст] // Гуманитарный вестник. -2018. -№ 9(71).
8. Koroleva D.O. Potential for Using Mobile and Networking Technologies in Teaching [Text] // Russian Education & Society. -2018. -№ 60(5). -S. 422-438. <https://doi.org/10.1080/10609393.2018.1495021>
9. Гимарат Е. Язык в интернет-коммуникации: сетевой сленг и культура речи [Текст] // Global Science and Innovations: Central Asia. -2021. -Т. 5. -№ 9 (12). -С. 25–28.
10. Глухов А.П. Цифровое поколение: культура управления межличностными коммуникациями в социальных сетях // Вестник Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова. -2018. -№ 25. -С. 74–77.
11. Богданова И.Н., Тулупова А.С. Цифровые центробежные тенденции в сетевых самопрезентациях современной молодежи [Текст] // Гуманитарий Юга России. -2021. -Т. 10. -№ 1. -С. 52–64.
12. Куприянова А.И., Сазанова Т.В., Глазунова С.Н., Синюкова М.А. Стратегические клише в интрнет-самопрезентациях в условиях дистанционных форм коммуникации [Текст] // Успехи гуманитарных наук. -2020. - № 5. -С. 223–227.
13. Кочкарева И. В. Знакомство с цифровым этикетом: электронная переписка при дистанционном обучении [Текст] // Развитие образования. -2021. -Т. 4. -№ 1. -С. 47–50.
14. Малькова, Е. Ю. Принципы виртуальной этики [Текст] // Религия и нравственность в секулярном мире : материалы науч. конф. - СПб., - 2001. - Вып. 20. - С. 112-115.
15. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» ҚР Президентінің Жолдауы 2023 жыл. 1 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy> (қаралған күні: 12.04.2024).
16. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (қаралған күні: 15.04.2024).
17. Валеева Г.В. Цифровой этикет в виртуальном образовательном пространстве университета [Текст] // Гуманитарные ведомости ТГПУ им. Л. Н. Толстого. -2022. -№ 3(43).
18. Soler-Costa R., Lafarga-Ostáriz P., Mauri-Medrano M., & Moreno-Guerrero A.J. Netiquette : Ethic, education, and behavior on internet a systematic literature review [Text] // International Journal of Environmental Research and Public Health. -2021. -№ 18(3). -S. 1-15. <https://doi.org/10.3390/ijerph18031212>
19. Daniels J., Williams A., Buggs Sh. Digital media technologies in everyday life [Text] // Communication, Information Technologies, and Media Sociology (CITAMS) Special Issue. -2017. --Volume 20, -№ 7 <https://doi.org/10.1080/1369118X.2017.1307435>
20. Мамина Р.И. Этикет и его измерения в информационном обществе [Текст] // Информационное общество: образование, наука, культура и технологии будущего. -2018. -Вып. 2. -С. 204–216.

References:

1. Talanov S.E. Cifrovoy etiket v predstavleniyah studentov [Tekst] // Vestnik vysshej shkoly. -2022. -№ 4 -S. 30-43.
2. Gül Esra Atala. Sanal Dünyanın Görgü Kuralları: Netiket [Text] // Medya ve Kulturel Çalışmalar Dergisi. -2019. - Volume: I / Sayı Issue: II

3. Ezova S.A. O netikete, cifrovom etikete i novej etike v uchebnom processe [Tekst] // Kul'tura : teoriya i praktika. -2021. -№ 1(40).
4. Okushova G.A. Cifrovoy etiket i reglamenty v kommunikativnom poryadke social'no-setevogo prostranstva [Tekst] // Obshchestvo : sociologiya, psihologiya, pedagogika. -2021. -№ 1(81).
5. Sychev A.A. Etiket i etika videokonferencij [Tekst] // Vedomosti prikladnoj etiki. -2021. -№57.
6. Vyushkova L.N. Teoreticheskie i prakticheskie aspekty izucheniya cifrovogo etiketa [Tekst] // Aktual'nye problemy filologii i metodiki prepodavaniya inostrannyh yazykov. -2022. -T. 16 № 2. -S. 85–91.
7. Kosorukova A.A. Etika messendzherov : problemy epistolyarnogo obshcheniya v kontekste razvitiya informacionnyh tekhnologij [Tekst] // Gumanitarnyj vestnik. -2018. -№ 9(71).
8. Koroleva D.O. Potential for Using Mobile and Networking Technologies in Teaching [Text] // Russian Education & Society. -2018. -№ 60(5). -S. 422-438. <https://doi.org/10.1080/10609393.2018.1495021>
9. Gimarat E. YAzyk v internet-kommunikacii: setevoy sleng i kul'tura rechi [Tekst] // Global Science and Innovations: Central Asia. -2021. -T. 5. -№ 9 (12). -S. 25–28.
10. Gluhov A.P. Cifrovoe pokolenie: kul'tura upravleniya mezhlichnostnymi kommunikacijami v social'nyh setyah [Tekst] // Vestnik Hkakasskogo gosudarstvennogo universiteta im. N.F. Katanova. -2018. -№ 25. -S. 74–77.
11. Bogdanova I.N., Tulupova A.S. Cifrovye centrobezhnye tendencii v setevykh samoprezentacijah sovremennoj molodezhi [Tekst] // Gumanitarnij YUga Rossii. -2021. -T. 10. -№ 1. -S. 52–64.
12. Kupriyanova A.I., Sazanova T.V., Glazunova S.N., Sinyukova M.A. Strategicheskie klishe v intrinet-samoprezentacijah v usloviyah distancionnyh form kommunikacii [Tekst] // Uspekhi gumanitarnykh nauk. -2020. -№ 5. -S. 223–227.
13. Kochkareva I. V. Znakomstvo s cifrovym etiketom: elektronnyaya perepiska pri distancionnom obuchenii [Tekst] // Razvitie obrazovaniya. -2021. -T. 4. -№ 1. -S. 47–50.
14. Mal'kova, E. YU. Principy virtual'noj etiki [Tekst] // Religiya i npravstvennost' v sekulyarnom mire : materialy nauch. konf. - SPb., - 2001. - Vyp. 20. - S. 112-115.
15. «Ädiletti Qazaqstannyñ ekonomikalyq bağdary» QR Prezidentiniñ Joldauy 2020 jyl, 1 qyrküiek <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletty-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy> (qaralğan küni: 12.04.2024).
16. Qazaqstan Respublikasynda joğary bilimdi jäne ğylymdy damytudyñ 2023-2029 jyldarğa arnalğan tüjyrymdamasy. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 jylğy 28 nauryzdağy № 248 qaulysy. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (qaralğan küni: 15.04.2024).
17. Valeeva G.V. Cifrovoy etiket v virtualnom obrazovatel'nom prostranstve universiteta [Tekst] // Gumanitarnye vedomosti TGPU im. L. N. Tolstogo. -2022. -№ 3(43).
18. Soler-Costa R., Lafarga-Ostáriz P., Mauri-Medrano M., & Moreno-Guerrero A.J. Netiquette : Ethic, education, and behavior on internet a systematic literature review [Text] // International Journal of Environmental Research and Public Health. -2021. -№ 18(3). -S. 1-15. <https://doi.org/10.3390/ijerph18031212>
19. Daniels J., Williams A., Buggs Sh. Digital media technologies in everyday life [Text] // Communication, Information Technologies, and Media Sociology (CITAMS) Special Issue. -2017. --Volume 20, -№ 7 <https://doi.org/10.1080/1369118X.2017.1307435>
20. Mamina R.I. Etiket i ego izmereniya v informacionnom obshchestve [Tekst] // Informacionnoe obshchestvo: obrazovanie, nauka, kul'tura i tekhnologii budushchego. -2018. -Vyp. 2. -S. 204–216.